7. Сотталған адамдарға қатысты медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданудың ерекшеліктері.

8. Шет ел мемлекеттерінде мәжбүрлеу шараларын қолданудың негіздері мен тәртібі.

9. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданған кезде адамдардың құқықтарын қамтамасыз етудің халықаралық стандарттары.

10. Қазақстан Республикасында және шетел мемлекеттерінде психикалық аурулармен ауыратын адамдарға қатысты қылмыстық сот ісін жүргізудің ерекше тәртібінің генезисі.

2.10. Пәнді оқыту бойынша әдістемелік ұсыным

Құқықтық реформаның процесінің маңызды бағыты мен нақтылығын Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан – 2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Стратегиясы» атты Қазақстан халқына жолдауы келтірді, онда қылмыстық қудалау органдары үшін құқық қорғау қызметінің жоғары кәсіптілікті мамандарын кәсіби дайындау деңгейін жетілдіруді талап ететін құқық қорғау жүйесін жаңарту бойынша арнайы бағдарламаның негізінде құқық қорғау органдарын одан әрі жүйелі реформалау тапсырмасы қойылып отыр.

«Қылмыстық сот ісін жүргізудің жекеше түрлерін құқықтық реттеу» докторанттар үшін оқытылатын пән. Осы пән қазақстандық құқықтың қажетті салаларының бірі ретінде міндетті оқытылады. Бұл кең және күрделі құқық

саласы. Ол соттардың әділ үкім шығаруын және қылмыстық заңды дұрыс қолдануды қамтамасыз етеді, қылмыстың жылдам және толық ашылуына, қылмыстық процесте қылмыстық жауапқа тартылатын, қылмыс жасаған тұлғалардың әділ жазасын алуға кепілдік береді.

Осы пәннің бүкіл оқу курсының мазмұнын және идеялық мән-мағынасын түсіндіріп беретін, негізгі де жетекші рөл атқаратын - дәріс.

Докторанттар дәрісті тыңдап қана қоймай, дәріс оқушының ой пікіріне мұқият назар салып, оның негізгі керекті жерлерін жазып алулары керек, яғни дәрісті конспектілеп отыру керек. Бұл көп көмек береді.

Жазып алған дәрістің конспектісін семинар сабақтарына өз бетімен дайындалу барысында оқып, керекті жерлеріне тиісті өзгертулер мен толықтырулар енгізу де өте пайдалы.

Кезекті дәрістің алдында өткен дәрістегі мәселелерді еске алып дәріс болатын тақырып бойынша әдебиеттер мен монографиялармен алдын ала танысу, дәріс оқыллатын жаңа тақырыпты игеруге үлкен пайдасын тигізеді.

Семинар сабақтары сол тақырып бойынша дәріс оқылғаннан кейін жүргізіледі. Семинар курстың негізгі және күрделі деген тақырыптарын тереңдете оқып түсінуге жағдай жасайды. Семинар сабағында дәріс сұрақтары қайталанбауы мүмкін, семинар сабағының жоспары бойынша докторанттар талқылауға қатысып, өздерінің дайындығын көрсетеді, сондықтан да олар семинар сұрақтарына жауап беруге әрқашан дайын болулары керек.

Докторанттар семинар сабағында белгілі бір тақырыпты меңгеру үшін өз бетімен тиісті арнайы және қосымша оқулықтарды, заңнама нормаларын және өзге де құқықтық нормативтік актілерді зерделеп, дәріс дәптерінде жазған жазбалары бойынша дайындалады. Сонымен бірге докторанттар семинар сабағында тиісті заңдар мен нормативтік актілерді талқылайды, конспект жасайды. Докторанттардың білімдері семинар сабағына қойылған сұрақтарға жауап беру нәтижесінде бағаланады.

Семинар сабағында талқыланатын сұрақтарды оқу “Заңнан – тәжірибеге, заң қолдану проблемасынан - заңды және сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының қызметін жетілдіруге” деген схема бойынша оқып-үйрену ұсынылады.

Семинар сабақтарының түрлері мынадай: қойылған сұрақтарға жауап беру, рефераттарды талқылау, баспасөз конференциясы, “дөңгелек үстел” және т.б. Осы көрсетілген сабақтардың түрлерін қолдана отырып кез-келген тақырып бойынша семинар сабағын жүргізуге болады.

Сабақты жүргізу нысанына қарамастан, әрбір магистрант талқыланатын мәселе бойынша өз пікірін ортаға салып және өз көзқарасын дәлелді түрде қорғай алуы қажет. Ішкі істер органдары қызметіндегі қайта құру істері мен тәжірибені теориямен байланыстыра отырып, баяндама жасаған ой салатын сын айта білген докторанттарды кафедра ынталандырып отырады.

Семинарлық, тәжірибелік сабақтарға, ДӨЖ және МӨОЖ дайындалу кезінде дәрістің негізгі жазбаларын, нормативтік, теориялық-қолданбалы қайнар көздерді, сабақтың тақырыбы бойынша оқулықтарды және оқу

құралдарын қолдану керек, сонымен қатар жарыспалылық қылмыстық процесте қорғаудың ғылыми мәселелері бар екендігін көрсетулері керек. Қылмыстық процестегі қорғаудың өзекті мәселелерін шешу жолдары туралы әрі қарай автордың көзқарасын қалыптастыру мақсатында оқулықтар мен оқу құралдарынан басқа Қазақстан Республикасының заңдарының жобасын және Қазақстан Республикасының нормативтік қаулыларын, заң жобаларына бар қорытындыларды оқу керек.

2.11. Жазбаша жұмыстарды орындауы бойынша әдістемелік ұсыным

Реферат жазу бойынша әдістемелік ұсыным: Аталған пәнді оқу барысында докторанттар өзіндік жұмыста міндетті түрде жазбаша түрде реферат дайындаулары тиіс.

Оқу барысында докторанттар «Қылмыстық сот ісін жүргізудің жекеше түрлерін құқықтық реттеу» пәні бойынша рефератты дайындап қорғаулары тиіс. «Қылмыстық сот ісін жүргізудің жекеше түрлерін құқықтық реттеу» пәні бойынша докторанттардың тандаған рефераттардың мақсаты болып алған білімін жоғарлату, сонымен қатар докторанттар теориялық мәселелерді өздері талқылап еркін мазмұндаулары тиіс.

Сондықтан, докторанттар реферат жазып оның қорғауы оқу процесінде ғылыми зерттеу жұмысымен тең болып санылады.

Реферат жазу барысында жалпы сұрақтары: Докторанттарға рефераттардың нақты тақырыптары жеке тапсырма ретінде беріледі немесе оларға оқытушымен ұсынылған тақырыптардың ішінен өздеріне ұнаған бір тақырыпты тандаулары тиіс.

Докторанттар реферат жазу барысында зерттеу тақырыптары бірнеше рет қайталамауы тиіс. Семинар сабағанда докторанттар рефераттарын талқылап қорғаулары тиіс.

Реферат жазу барысында келесі талаптар қойылады:

Рәсімдеу бойынша: Қорғауға жіберілетін рефераттың титулдық парағы, жоспар жұмысы, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшасы болуы тиіс. Рефераттың әр беттерінің саны көрсетілуі керек.

Мазмұны бойынша: Рефератта міндетті түрде маныздылығы, мақсаты және тандаған тақырыптың міндеттері және т.б. көрсетілуі тиіс. Докторанттар рефератты жазып болған соң сабақ барысында қорғауы тиіс. Рефератты қорғап және оң баға алған соң реферат міндетті түрде мұражайға жіберілуі үшін кафедраға тапсырылады.

Егер реферат бойынша қанағанттан ыралықсыз баға алған болса қайтадан өңдеуге қайтарылады немесе реферат бойынша жаңа тақырып беріледі.

Рефераттың мазмұны және құрылымы

Рефераттың көлемі 10-15 бетке дейін стандарттық түрде жазылады.

Рефераттың құрылымы бойынша келесі ұсынылады:

Кіріспе – 1-2 беттер

Рефераттың кіріспе бөлімінде жұмыстың мақсаты, дәлелдеудің мағынасы және қарастырылып отырған тақырыптың өзектілігі, негізгі сұрақтары нықты қарастырылуы тиіс.

1 бөлім 5- 6 бет.

Рефераттың бірінші бөлімі кіріспенің жалғасы болып саналады. Зерттеу тақырыбының әртүрлі аспектілері қарастырылып, сұрақтың қысқаша мазмұны және жалпы ережелердің мәнін ашады.

2 бөлім – 5-6 бет.

Рефераттың екінші бөлімі тақырыптың мазмұның талдауына арналады. Рефератты жазу барысында өте маңызды болып өзекті мәселелері көрсеткені жөн болып табылады.

Қорытынды – 2 бет.

Рефераттың қорытынды бөлімінде автор қысқаша ұсыныстар және талдаулар жасайды. Рефераттың қорытынды бөлімінде қарастырылып отырған мәселелерінің дамуын қарастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі: Пайдаланылған әдебиеттер тізіміне ғылыми монографиялар, оқу-анықтама әдебиеттер және соңғы жылдары басылымнан шыққан әдебиетер кіреді.

Рефератты тексеру барысында тақырыптың терең және толық ашылғанына көңіл бөлу керек.

2.12. Өзіндік бақылауға арналған тест тапсырмалары

1. Қылмыстық процесс дегеніміз не?

- A) қылмысты ашу бойынша жүргізілген мемлекеттік органдардың қызметі
- B) қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша жүргізілген мемлекеттік органдардың қызметі
- C) қылмыскерді беру бойынша жүргізілген мемлекеттік органдардың қызметі
- D) қылмысты тіркеу бойынша жүргізілген мемлекеттік органдардың қызметі
- E) хабарсыз кеткендерді іздеу бойынша жүргізілген мемлекеттік органдардың қызметі

2. Қылмыстық процестік құқықтық қарым-қатынасқа жататындар:

- A) прокурор және мемлекеттік органдардың арасындағы қатынастар
- B) мемлекеттік органдар мен коммерциялық ұйымдар арасындағы қатынастар
- C) мемлекеттік органдар мен азаматтар арасындағы қатынастар
- D) мемлекеттік органдар және заң кеңестерінің арасындағы қатынастар
- E) қоғамдық ұйымдар және сот арасындағы қатынастар

3. Процестік түр ол:

- A) заңда бекітілген тәртіппен шағым беру
- B) заңда бекітілген тәртіппен азаматтық талапкер ретінде арыздану
- C) заңда бекітілген тәртіппен қорғаушының еңбегіне төлем ақы беру
- D) заңда бекітілген тәртіппен процестік әрекеттерді жүргізу
- E) заңда бекітілген тәртіппен зиянның орнын толтыру

4. Қылмыстық-процестік қызметке жатады:

- A) жазаны орындау, істі шешу

- В) қорғау, жазадан босату
- С) айыптау, қорғау және іс бойынша шағым беру
- Д) жаңадан мән-жайларға байланысты істі қайта жаңғырту
- Е) айыптау, қорғау, іс бойынша шешім қабылдау

5. Іс бойынша қорытынды шешім қабылдау кімге жүктеледі?

- А) сотқа, судьяға
- В) тергеушіге
- С) прокурорға
- Д) нықтаушыға
- Е) анықтау органының бастығына

6. Жеке санаттағы істерге жатады:

- А) азаматтығы жоқ азаматтарға және шетелдің азаматтарына қатысты істер
- В) мүгедектерге және бұрын сотталғандарға қатысты істер
- С) есі дұрыс емес және Қазақстан Республикасынан тыс жердегі адамдарға қатысты істер
- Д) әскери қызметтегі және әскери міндетті адамдарға қатысты істер
- Е) иммунитеттері және артықшылықтары бар адамдар және кәмелетке толмағандарға қатысты істер

7. Қылмыстық-процестік нормалар ол:

- А) жүріс-тұрыстың міндетті емес ережесі
- В) жүріс-тұрыстың арнайы ережесі
- С) жүріс-тұрыстың жалпыға бірдей ережесі
- Д) жүріс-тұрыстың шектелген ережесі
- Е) жүріс-тұрыстың үкім шығарғандағы ережесі

8. Қылмыстық-процестік заңның кеңістіктегі әрекеті анықталады:

- А) соттың тұрған аумағымен
- В) Қазақстан Республикасының аумағымен
- С) сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған жермен
- Д) бұлтартпау шарасын қолданған жермен
- Е) қылмыстық құқық бұзушылық болған аумақпен

9. Қылмыстық іс жүргізу қағидаттары деп нені ұғынасыз:

- А) заң нормаларында бекітілген негізгі ережелер
- В) ведомствалық актілермен реттелетін негізгі ережелер
- С) прокурормен анықталған негізгі ережелер
- Д) тергеуші белгілеген негізгі ережелер
- Е) үкім шығару үшін белгіленген негізгі ережелер

10. Қылмыстық-процестік заң деп нені ұғынамыз.

- А) ішкі істер органдарының нормалық актісі
- В) қылмыстық процесті жүргізуші органның нормалық актісі
- С) мемлекеттік билік органының нормалық актісі
- Д) жазаны атқару органының нормалық актісі
- Е) сот шығарған нормалық актісі

11. Қылмыстық-процестік кепіл дегеніміз не?

- А) қылмыстық процестік міндеттерін шешуді қамтамасыз ететін заң нормалары

- В) жазаның орындалуын қамтамасыз ететін заң нормалары
- С) бұлтартпау шараларын қолдануды қамтамасыз ететін заң нормалары
- Д) айып тағуды қамтамасыз ететін заң нормалары
- Е) азаматтық талапты шешуді қамтамасыз ететін заң нормалары

12. Қылмыстық іс жүргізуге қатысушылардың қайсысы қорғау қызметін атқармайды?

- А) күдікті
- В) айыпталушы
- С) қорғаушы
- Д) жәбірленуші
- Е) азаматтық жауапкер

13. Қылмыстық процестің түрлеріне жатпайтынды көрсетіңіз:

- А) айыптау процесі
- В) іздеу процесі
- С) унитарлық процесс
- Д) жарыспалылық процесс
- Е) аралас процесс

14. Қылмыстық - процестік құқықтың заты болып не саналады?

- А) қылмыстық – процестік құжаттар
- В) қылмыстық – процестік шешімдер
- С) қылмыстық – құқықтық қарым-қатынас
- Д) қылмыстық жаза
- Е) қылмыстық – процестік мәжбүрлеу шаралары

15. Ішкі сенім бойынша дәлелдемелерді бағалау дегеніміз не ?

- А) тергеуші заң негізінде дәлелдемелерді бағалайды
- В) анықтау органы кінәлі не менсе кінәлі еместігі тұрғысынан дәлелдемелерді бағалайды
- С) сот, прокурор, тергеуші, анықтаушы, дәлелдемелерді жиынтығында негізделген өздерінің ішкі сенім бойынша бағалайды, бұл орайда заң мен әр ойданы басшылыққа алады
- Д) анықтаушы пайда болған болжамдар арқылы бағалайды
- Е) прокурор анықтау және тергеу жұмыстарын қадағалау барысында дәлелдемелерді бағалайды

16. Конституцияның талаптарына сәйкес тергеуші мен анықтаушы бірінші кезекте нені басшылыққа алуға міндетті:

- А) Қазақстан Республикасының мемлекеттік декларацияларын
- В) Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексін
- С) аудандық және облыстық әкімшіліктің жарлықтарын
- Д) Қазақстан Республикасының Бас прокурорының бұйрықтарын және жарлықтарын
- Е) ведомстволық бұйрықтар мен жарлықтарын

17. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаған кезде қылмыстық процестік заңының талаптарына елеусіз қателіктер жіберуге болады ма:

- А) жіберуге болмайды

В)қажеттілік туғанда жіберуге болады
С)талаптардың бұзылуы мүмкін, егерде ол тергеу жүргізуді тездетуге мүмкіндік берсе

Д)экстремалдық жағдайларда ғана талаптардың бұзылуы мүмкін

Е)ҚПК-нің талаптары тек қана прокурордың келісімімен бұзылуы мүмкін

18. Қатысушылардың әлде-біреуіне күш көрсету әрекеті шараларын қылмыстық процесте қолдануға болады ма:

А)күш көрсету әрекетінің шаралары қажет болған кезде прокурордың санкциясымен куәгер мен жәбірленушіге қолданылады

В)процесте қатысушылардың бәріне қолданылуы мүмкін

С)күш көрсету әрекеті шараларын қолдануға болмайды

Д)күш көрсету әрекетінің шаралары күдіктілер мен айыпталушыларға қолданылуы мүмкін

Е)күш көрсету әрекетінің шаралары прокурордың санкциясымен немесе соттың шешімімен дәлелдемелерді алудың басқа да амалдары біткен кезде қолданылуы мүмкін

19. Соттың ашық отырысын өткізуге болады ма:

А)жоқ, соттың ашық отырысы алдын ала тергеудің құпиясын жариялылық етуге әкеледі

В)иә, бірақ ерекше жағдайларда соттың жабық отырысын өткізуге болады

С)иә, бірақ Бас прокурордың келісімімен

Д)иә, бірақ қоғамға жариялы болған немесе қоғамдық маңызы бар істер бойынша

Е)иә, бірақ сотталушы мен жәбірленушінің келісімімен

20. Қазақстан Республикасында қылмыстық сот ісін жүргізу қай тілде жүргізіледі:

А)тек қана мемлекеттік тілде

В)тек қана орыс тілінде

С)орыс және ағылшын тілдерінде

Д)мемлекеттік тілде, ал қажет болғанда онымен қатарлас орыс немесе басқа да тілдер қолданылады

Е)тергеуші, прокурор, судья қолданатын тілде

21. Қылмыстық процестік ақтау дегеніміз:

А)соттың адамға қарсы таққан айыбын кінәсіз деп тапқанын мақұлдау

В)адамды қылмыстық жазадан босату

С)қылмыстық жауапкершілікке заңсыз тартылған адамға келтірілген зиянды өтеуге жұмалдырылған кешенді шаралар

Д)адамды ақтау туралы шешім қабылдаған орган келтірілген зиян үшін ресми түрде кешірім сұрау

Е)жоғарыда айтылған барлық түсініктердің жиынтығын

22. Айыпталушының өзінің кінәсін мойындаудың дәлелдемелік маңызы қандай:

А)оның маңызы жоқ және ол іс бойынша дәлелдеме ретінде ескерілмейді

В)ол тергеу жүргізіп жатқан тұлғаның қарауына қарай ескерілуі мүмкін

С) ол басқа да дәлелдемелермен қатар тексерілуі және бағалануы керек
D) оның басқа дәлелдемелердің алдында ешқандай басымдылығы жоқ
E) айыпталушының мойындау негізінде, ол қылмысты жасағанын ашатын жалғыз ғана дәлелдеме болып табылса да осы жеке адамның кінәлі екені туралы қорытынды жасауға болады

23. Қылмыстық құқық бұзушылықты тергеп-тексеру кезінде қай мезгілден бастап жеке тұлғаға қорғаушының көмегін сұрауға құқығы бар:

A) ұстап алған кезден бастап, бұлтартпау шарасын таңдағаннан бастап
B) алдын ала тергеу жұмысы біткен соң
C) істі сотқа жіберген кезден бастап
D) қылмыстық процесті жүргізетін органның қарауына қарай
E) айыптау актісін шығарған кезден бастап

24. Жекеше айыптау ісі басталады:

A) прокуратураға шағымды беру арқылы
B) анықтау органына шағымды беру арқылы
C) алдын ала тергеу органымен өзінің қарауы бойынша
D) сотқа шағым беру арқылы
E) қылмысты қудалау органдарымен

25. Жариялылық қағидаты дегеніміз не:

A) залда сот талқылауы кезінде жұрттың қатысуына мүмкіндігі
B) басқа тұлғалардың қарауынан тәуелсіз, заңға сәйкес шешімді қабылдап және әрекет ететін қылмыстық процесті жүргізетін органның міндеті
C) сот ісін жүргізуге барлық негізгі қатысушылардың сот отырысында жариялы сөз сөйлеуіне мүмкіндігі
D) процеске негізгі қатысушылардың қылмыстық істің материалдарымен танысудың міндеттілігі
E) бұқаралық ақпараттар құралдарында сот талқылаулары мен тергеудің нәтижелерін жария етудің мүмкіндігі

26. Кінәсіздік презумпциясы дегеніміз не?

A) әрқайсы кінәлі емес болып саналады, әзірше заңдық күшіне енген соттың үкімі анықталғанша және қылмыстық процестік заңымен қарастырылған тәртіппен оның кінәлілігі дәлелденбегенше
B) ешкім өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес
C) айыпталушының кінәлі екендігін жоюға болмайтын күдік, айыпталушының пайдасына жүзеге асырылады
D) айыптау үкіміне болжау негіз бола алмайды және ол жеткілікті нақты дәлелдемелердің жиынтығымен расталуы керек
E) жоғарыда айтылған барлық мән-жайлар

27. Қылмыстық процесте жеке тұлғаның қылмысты жасағанына кінәлі немесе кінәлі емес екенін дәлелдеу кімнің міндетіне жүктеледі:

A) айыпталушының өзіне
B) айыпталушыға және оның қорғаушысына
C) жәбірленушіге
D) қылмыстық процесті жүргізетін органға

Е) жәбірленуші мен айыпталушының жақын туған-туысқандарына

28. Қылмыстық процесте күдікті – ол...

А) қылмыс үстінде ұсталған адам

В) оған қатысты оны күдікті ретінде жауапқа тарту қаулысының шығуы

С) өзіне қатысты күдікті ретінде тану туралы қаулы шығарылған; осы Қазақстан Республикасының ҚПК 131-бабының тәртібімен ұстап алынған; өзіне қатысты күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы шығарылған; қылмыстық теріс қылық жасады деген күдіктің болуына байланысты жауап алынған адам күдікті болып табылады

Д) қылмысты қудалау органына жәбірленушімен немесе қылмысты көрген куәлармен жеткізілген болса

Е) оған жәбірленуші немесе айғақ адамдар қылмысты істеген жеке тұлға ретінде тура көрсетсе

29. Қылмыстық процесте жәбірленуші деп танылады:

А) оған қатысты қылмыстық құқық бұзушылық жасалса

В) оның қылмыс істелуі туралы арызымен құқық қорғау органдарына шағымданса

С) сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталса

Д) қылмыстық құқық бұзушылықпен өзіне тікелей моральдық, тәндік немесе мүліктік зиян келтірілсе

Е) қылмысты істеген жеке адамдардың күзетпен ұсталса

30. Тергеу әрекеттерін жүргізген кезде неше куәгер (кем дегенде) қатысуы керек:

А) біреуі жеткілікті

В) екеуден кем емес

С) кем дегенде үшеуі

Д) заңмен куәгерлер қаншалықты болуы анықталмаған

Е) кем дегенде алтауы

Докторанттардың білімін бағалау жүйесі

Пәнді оқыту өтілген барлық материалды қамтып, емтиханмен тәмамдалады. Емтиханға рұқсатнама алу үшін міндетті талап бағдарламада қарастырылған барлық тапсырмалардың орындалуы болып табылады. Дәріс курсының тақырыптары бойынша жоспарланған: жазба жұмыстары, ДООЖ аясында құқық қорғау органының ең өзекті мәселелері бойынша пікірталас.

Қорытынды бағаны қою барысында бал қою ағымдағы бақылаудың нәтижелері бойынша есептеледі.

Межелік бақылау №1 (ағымдағы бақылау енеді) – 30 % 7 аптада өтеді.

Межелік бақылау №2 (ағымдағы бақылау енеді) – 30 % 15 аптада өтеді.

Емтихан – 40 %.

Ағымдық және межелік бақылаудың қорытындысы жинау қағидаты бойынша ведомоспен ұсынылады және емтиханға рұқсатнамаға негіз болып табылады.

Егер магистрант межелік бақылауды тапсыру қорытындысы бойынша пән бойынша (60 %) бағаның жартысын ғана алса, емтиханға жіберілмейді.

Пән бойынша емтихан бағасы аралық аттестация және межелік бақылау бойынша үлгерім көрсеткішінің сомасы ретінде анықталады – 40 % және 100 % құрайды.

Емтихандық баға пән бойынша ең жоғарғы максималдық межелік бақылау бағаларымен анықталады – 60% және аралық аттестация (емтиханға) - 40% ал 100% құрайды, осылай қорытынды баға мына формуламен анықталады:

$$И\% = P_1 + P_2 / 2 \times 0,4 + Э \times 0,6$$

Бұл жерде:

P1 – бірінші рейтинг бойынша бағалардың пайыздық құрамы.

P2 – екінші рейтинг бойынша бағалардың пайыздық құрамы

Э – емтихандық бағалардың пайыздық құрамы

Сондықтан, нақты есеппен қорытынды бағаларды докторанттардың білімімен бағалау қажет межелік бақылауда (рейтингте) және емтихандағы қорытынды пайызбен 0-ден 100%-ге дейін.

Докторанттардың білімі, дайындығы және іскерлігі келесі жүйе бойынша бағаланады:

Докторанттар барлық дәрістік сабақтардан қалмауға міндетті. Сабақты белгілі себептермен (наряд, іс сапар, шаруашылық жұмыстар, ауру) босатқан кезде магистрант сабаққа шыққан күннен 5 жұмыс күн ішінде игеріледі. Сабақты белгісіз себептермен босатқан магистрант ол күндерді 2 жұмыс күні ішінде игеруге тиіс. Сабақ аяқталған соң тақырып бойынша сұрақтарды талқылауға қатыспаған және тапсырманы орындамаған докторанттарға 0,1 ұпай қойылады.

Босатылған сабақты игеру сабақ беретін оқытушы, ол болмаса кезекші оқытушы немесе кафедра бастығы тарапынан қабылданады. Семинарлық (практикалық) немесе ДООЖ сабақтарын игеру босатылған тақырып бойынша жазбаша түрде (реферат, доклад, эссе және т.б.) тапсыру түрінде орындалады. Магистрантқа игерілген сабақ бойынша 1 ұпайдан жоғары баға қойылмайды. Егер де магистрант белгісіз себеппен босатқан немесе сабақта жақсы баға алмау себебімен игеруге келсе оған 0,8 ұпайдан артық баға қойылмайды. Игеру мерзімі созылып кетсе максималды ұпай әр бір сабақ үшін 0,5 ұпайға дейін төмендейді. Дәрістік сабақ игерілмейді.

Әр сабақ бойынша тақырыпты қайталау және өткен материалдарды игеру міндетті. Материалды игеру дәрежесін анықтау үшін түрлі жұмыстар беріледі: тестілеу, жазбаша жұмыстар, ауызша сұрау, презентация, дебаттар, дискуссия және т.б. Сабақ кезінде тестілеу ескертусіз жүргізілуі мүмкін.

ДӨЖ мен ДООЖ шығарылған тапсырмаларды орындамаған докторанттар емтиханға жіберілмейді.

Дәріс сабақтары бойынша:

Сабаққа қатысу – 0 ұпай

Семинар, ДООЖ бойынша:

Тапсырмаларды орындау, сабақтардағы жұмыс – 1 сағат үшін 1 ұпай

ДӨЖ орындауы: 1 тапсырма – 0,5 ұпай

Межелік бақылау (бірінші межелік бақылау) кестеге сәйкес өтеді. Магистрант егер межелік бақылаудан **20 ұпай** алса, аттестацияланды деп саналады. Межелік бақылаудан аттестацияланбаған докторанттар қарызын семестрдің 8 аптасы бойы жазба жұмысы арқылы және т.б. жіберген сабақты игеруге құқығы бар.

Емтиханға жіберілу (екінші межелік бақылау) семестрдің 12 аптасында өтіп, магистрант пән бойынша 30 ұпайдан кем емес ұпай алған жағдайда өтеді. Ағымдық аттестацияға жіберілмеген докторанттар қарызын емтихандық сессияның соңына дейін өтеуге құқылы.

МҰ – максималды ұпай – магистранттың ағымдық бақылау кезінде алған ұпайлары мен емтиханда алған ұпайлары **100** ұпайды құрауы керек.

Ағымдық бақылау - 60 ұпай және емтиханға – 40 ұпай.

Магистранттың пән бойынша қорытынды бағасы сынақ кітапшасына төмендегідей сызба бойынша дәстүрлі және әріптік жүйе бойынша қойылады:

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Баллдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мағынасы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағасы
A	4,0	95-100	өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D-	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
F	0	0-49	қанағаттанарлықсыз

«A», «A-» («үздік»)- егер докторант барлық бағдарлама материал терең және нақты игерсе, оны толық, жүйелі, сауатты және ой тізбегін бұзбай баяндаса, тапсырмалардың түрін өзгерткенде жауап беруге қиналмаса, қойылған міндеттерді еркін орындаса, монографиялық материалдың білімін көрсетсе, қабылданатын шешімдерді дұрыс негіздесе, тәжірибелік жұмыстарды орындаудың түрлі тәсілдері мен дағдыларын білсе, материалды өз бетімен қатесіз жалпылау мен баяндай алуды байқатса;

«B», «B», «B-» («жақсы»)- егер докторант бағдарлама материалын анық білсе, оны сауатты да негізден баяндаса, сұраққа жауап беруде елеулі қателіктер жібермесе, теориялық ережелерді дұрыс қолдана алса, сонымен қатар тәжірибелік міндеттерді орындауға қажетті дағдылары болса;

«C+», «C», «C-» («қанағаттанарлық»)- деген баға егер докторант негізгі материалды ғана игеріп, бірақ жекелеген тұстарын білмей қателіктер жіберсе;

«D+», «D» («қанағаттанарлықсыз»)- деген баға егер докторант бағдарлама материалын көп бөлігін 0-30%-ын білсе.

Егер докторант 30-40% елеулі қателіктер жіберсе.

Егер докторант бағдарлама материалының едәуір бөлігін білмесе, тәжірибелік 40-49%-ын қатты қиналып орындаса, қойылады.

А-дан А-ға, В-дан В+-ке дейінгі, D-дан С+-ке дейінгі бағалар аралығын таңдау докторанттардың сәйкес келу дәрежелері жоғарыдағы критерийлермен анықталады.

2.13. Пән бойынша емтихан сұрақтарының тізімі:

1. 2010-2020 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасының құқықтық саясат Концепциясы аясында қылмыстық іс жүргізу заңнамасының дамуы.

2 Қылмыстық іс жүргізудегі медиацияның теориялық негіздері.

3. Заңды тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тартудың теориялық негіздері: қылмыстық процестің аспектілері.

4. Қазақстан Республикасының Президенті – ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан-2050»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы аясында дәлелдеу үрдісі.

5. Қылмыстық сот ісін жүргізудегі жасырын тергеу іс-әрекеттерін жүргізудің теориялық негіздері.

6 Қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеу және оналту институтының теориялық негіздері.

7. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде және сот сатыларында жеделдетілген тергеуді тәжірибеде жүзеге асыру.

8. Алқабилер соты. 2010-2020 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасының құқықтық саясат Концепциясы аясында қылмыстық сот ісін жүргізудегі тарихы, дамуы және оның орны.

9. Қазақстан Республикасының қылмыстық процестің заманауи теориялық моделдері.

10. Қылмыстық процестегі сотқа дейінгі тергеп-тексеру және сот сатыларындағы жеделдетілген өндірістер. 2010-2020 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасының құқықтық саясат Концепциясы аясында жеделдетілген өндірістердің заманауи дамуы.

11. Қазақстан Республикасының қылмыстық процесінде тергеу судьясының іс жүргізу мәртебесі.

12. Сот дәлелдемелерінің теориясы. Түсінігі, түрлері және қазіргі жағдайы.

13. Қылмыстық процесте медиатордың қатысуының процестік ерекшеліктері.

14. Қазіргі кезеңдегі сот талқылауының басты теориялық және тәжірибелік мәселелері.

15. Қазақстан Республикасының қылмыстық процесінде қысқартылған сот талқылауы: мәселелері мен перспективтері.

16. Қылмыстық процестік құқығы ғылымында процестік мәжбүрлеу шараларының саралануы.

17. Сотқа дейінгі ынтымақтастық туралы келісім: қолданыстағы Қазақстан Республикасының ҚПК-гі түсінігі, мазмұны, маңызы, мәні.

18. Процестік нысан. Процестік нысанның бірлігі және саралануы.

19. Процестік мәжбүрлеу шараларын таңдау кезінде электрондық бақылау құралдарын қолдану (ТМД және алыс шетел мемлекеттерінің тәжірибесін ескере отырып).

20 Қылмыстық істерді біріктіру мен бөлектеудің сот-тергеу тәжірибесі мен мәселелері.

21. Басты сот талқылауында диспозитивтік қағидатты тәжірибеде жүзеге асыру.

22. Қылмыстық құқық бұзушылық істері бойынша азаматтық талап-арызды қарастыру мен шешу бойынша соттардың құқық қолдану тәжірибесінің мәселелері.

23. Жекеше айыптау қылмыстық құқық бұзушылық істері бойынша сот талқылауын жүргізудің ерекшеліктері.

24. . Басты сот талқылауында жарыспалылық қағидатын сақтау ерекшеліктері.

25. Қылмыстық сот ісін жүргізудегі оңалтуды жүзеге асырудың қазіргі мәселелері.

26. Қазақстан Республикасындағы сот төрелігінің күрделендірілген моделдері.

27. Қазақстан Республикасында қылмыстан жәбір көргендерге ақшалай төлем қорының қызмет істеуі: қазіргі жағдайы мен мәселелері.

28. Қазақстан Республикасының қылмыстық процесінде тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуде сот бақылауын құқықтық реттелуі.

29. Қылмыстық процесте тұлғаның құқықтарын қамтамасыз етудің халықаралық стандарттары.

30. Қылмыстық процестің сот сатыларында медиациялық шараларды жүзеге асырудың қазіргі жағдайы мен мәселелері.

32. Қылмыстық сот ісін жүргізуде айғақтарды сақтауға қою: мәселелері мен келешегі.

33. Қылмыстық процесте техникалық тіркеу құралдарын қолданудың теориялық және тәжірибелік мәселелері.

34. Кінәні мойындау туралы мәмлениң теориялық негіздері және оны тәжірибеде жүзеге асырудың мәселелері.

35. Қазақстан Республикасының қылмыстық процесіндегі екінші сатыдағы соттар: түсінігі, маңызы және қызметтің негізгі бағыттары.

36. Қылмыстық істерді сот барысында қарастыруда қылмыстық процеске қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері.

37. Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің теориялық негіздері.

38. Айыпталушының қорғалу құқығының қазіргі таңдағы жағдайы.
39. Қылмыстық процестегі сот қызметін қайта қалыптастырудың теориялық негіздері.
40. Басты сот талқылауында жасырын тергеу әрекеттері нәтижелерін қолданудың ерекшеліктері.
41. Қылмыстық істер бойынша жеделдетілген сотқа дейінгі тергеп-тексеру және қысқартылған сот талқылауының ара-қатынасы.
42. Қылмыстық сот төрелігінде дәлелдемелер теориясын тәжірибеде жүзеге асыру.
43. Қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша сот талқылауының ерекшеліктері.
44. Қазақстан Республикасындағы апелляциялық өндірістің қазіргі қызметі.
45. Тұлғалардың жекелеген санаттарына қатысты сот талқылауының ерекшеліктері.
46. Сот шешімдерінің заңдылығын қадағалау мен қылмыстық қудалауды жүзеге асыруда прокурор қызметінің ара-қатынасы.
47. Басты сот талқылауында жедел іздестіру материалдарын қолдану ерекшеліктері.
48. Қылмыстық процестегі кассациялық өндіріс: жүзеге асыру ерекшеліктері және қазіргі мәселелері.
49. «Бес институционалдық реформаларды жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам – Ұлт жоспары» аясында Қазақстан Республикасының сот жүйесін қайта қалыптастырудағы негізгі бағыттары.
50. Қылмыстық процесті жүргізуші органдардың заңсыз іс-әрекеттерімен немесе қылмыспен келтірілген зиянды өтеудің негізгі мәселелері. Сот тәжірибесінің ерекшеліктері.
51. Қылмыстық сот ісін жүргізудегі тергеу судьясы: процестік мәртебесі мен негізгі қызметі.
52. Қазақстан Республикасында қалпына келтіру сот төрелігінің теориялық негіздері. Тәжірибеде жүзеге асыру мәселелері.
53. Соттан тыс қылмыстық-құқықтық дауларды шешудің ерекшеліктері.
54. Дискрециондық соттық қудалау, қылмыстық сот ісін жүргізуде оны жүзеге асыру.
55. Қазақстан Республикасының қазіргі қылмыстық сот ісін жүргізуі: түрі, формасы және оны саралау бағыты, дамудың негізгі кезеңдері.
56. Шетел мемлекеттерінің қылмыстық сот ісін жүргізу түрлері мен формалары.
57. Қазақстан Республикасы қылмыстық сот істерін жүргізудегі кінәсін мойындау туралы мәміле: пайда болу мен даму алғышарттары, мәні, маңызы.
58. Ынтымақтастық туралы процестік келісім: мәні, маңызы, қылмыстық сот ісін жүргізуде қолданудың негізгі мәселелері.
59. Сот бақылауын және істің мәні бойынша шешілуін жүзеге асыру бойынша сот қызметтерінің ара-қатынасы.

60. Қылмыстық іс жүргізу формасы: мәні, маңызы, пайда болу тарихы мен дамуы.

61. Шетел мемлекеттерінің сот төрелігі моделдерінің түсінігі және негізгі түрлері.

62. Қылмыстық сот ісін жүргізуде бірыңғай процестік нысаннан алулар түрлері. Құқық қолдану мәселелері.

63. Қылмыстық процестік нысанының сот төрелігі және саралау моделдерінің ара-қатынасы.

64. Қылмыстық сот ісін жүргізуде жәбірленушінің құқығын реттейтін халықаралық құқықтық актілер.

65. Қазақстан Республикасындағы қылмыстық сот төрелігінің қазіргі мәселелері.

66. Қылмыстық істердің соттылығын анықтауда процестік ерекшеліктері: құқықтық реттілігі мен құқық қолдану тәжірибесі.

67. Сотталушының қатысуынсыз қылмыстық істі сотта қарастыру ерекшеліктері.

68. Қазақстан Республикасында сырттай сот талқылауларының негізгі мәселелері.

69. Қылмыстық сот ісін жүргізуде медиатордың қатысуының оңтайлы және жағымсыз сәттері. Құқықты қолдану тәжірибесін талдау.

70. Қазіргі сот моделінің алқабилердің қатысуымен өтуі қылмыстық процестік нысанның күрделенілген түрі ретінде: артықшылықтары мен кемшіліктері.

71. Қылмыстық сот ісін жүргізудегі заңдылықты сот бақылауы және прокурорлық қадағалау бойынша жүзеге асыруда сот өкілеттігінің және прокурордың ара-қатынас мәселелері.

72. Қазақстан Республикасындағы сырттай үкім шығару ерекшеліктері: құқықтық реттеу және құқық қолдану тәжірибесінің мәселелері.

73. Сот шешімдеріне шағымданудың процестік тәртібі. Сот тәжірибесінің мәселелері.

74. Қазақстан Республикасының мемлекеттік уәкілетті органдарымен шетел мемлекеттерінің соттары шешімдерінің орындалуын құқықтық реттеу.

75. Қылмыстық сот ісін жүргізу саласында халықаралық ынтымақтастықтың қазіргі жағдайы.

76. Жиынтық өндірісі сот талқылауының жеңілдетілген түрінің әр түрлілігі ретінде.

77. Қазақстан Республикасы мен шетел мемлекеттеріндегі медиацияны жүргізудің салыстырмалы талдауы.

78. Халықаралық нормативтік-құқықтық актілерде бекітілген, кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігін жіберу қағидаттары.

79. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған, кәмелетке толмаған тұлғаға қатысты сот талқылауының басты ерекшеліктері. Сот тәжірибесінің мәселелері.

80. Психикалық ауруға шалдыққан тұлғаларға қатысты басты сот талқылауын жүргізудің ерекшеліктері.

81. Қазақстан Республикасындағы қылмыстық істер бойынша сот шешімдерінің орындалуының қазіргі мәселелері.

82. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қылмыстық іс жүргізуді қайта бастау: мәні, маңызы және қолданудың негізгі мәселелері.

83. Қазақстан Республикасы мен шетел мемлекеттерінде сот тергеуін жүргізудің салыстырмалы талдауы: артықшылықтары мен кемшіліктері.

84. Қазақстан Республикасындағы кассациялық сатыдағы сот шешімдерін қайта қараудың ерекшеліктері: құқықтық белгілеу мен тәжірибеде жүзеге асыру.

85. Қылмыстық қудалаудан артықшылықтары мен иммунитеті бар тұлғаларға қатысты қылмыстық сот ісін жүргізу ерекшеліктері.

86. Қазақстан Республикасының қылмыстық сот ісін жүргізудегі ұлттық превентивтік механизмнің қатысушысы: түсінігі, маңызы, пайда болу алғышарттары.

87. 2015 жылдың 1 қаңтарынан 2018 жылдың 10 қаңтар аралығындағы Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасының негізгі өзгерістерін талдау.

88. 2014 жылғы 4 шілдедегі Қылмыстық-процестік кодексінің негізгі новеллалары.

89. Қазақстан Республикасында психикалық ауруға шалдыққан тұлғаларға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданудың ерекшеліктері.

90. Қылмыстық істер бойынша алдын ала тыңдауды жүргізу: құқықтық реттеу мен сот тәжірибесінің мәселелері.

2.14 Құрастырған: қылмыстық процесс кафедрасының доценті, з.ғ.к., доцент полиция подполковнигі Жақыпов Бақытжан Алдабергенұлы.